

**2022 жылғы мемлекеттік қызмет көрсету сұрақтары бойынша
«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының
құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ қызметі туралы
ЕСЕБІ**

Мағжан Жұмабаев ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі 6 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Барлық қызметтер Мемлекеттік корпорация және ЭҮП арқылы көрсетіледі. 2022 жылы барлығы 351 мемлекеттік қызмет көрсетілді, 2021 жылмен салыстырғанда өсу байқалады (2021 жылы – 290 қызмет).

1. Неғұрлым сұранысқа ие мемлекеттік қызмет – *«Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру»*. Бұл жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді тіркеу, меншік құқығын сатып алу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар объектілердің мекенжайларын нақтылайды. Құрылыс индустриясы дамып келеді, сондықтан жер учаскелерін жобалау кезінде құрылысқа арналған учаскелерге мекен-жайлар нақтыланады және тағайындалады. 2022 жылы осы қызмет бойынша бөліммен 147 анықтама берілді, 2021 жылмен салыстырғанда төмендеу байқалады (2021 жылы – 236 анықтама). Ұсыну нысаны - қағаз, электрондық, мемлекеттік корпорация, ЭҮП арқылы.

Қабылдауға қабылданған өтініштердің саны бойынша екіншісі *«Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну»* мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады. 2022 жылы Мемлекеттік қызмет бойынша 78 СЖТ берілді, 2021 жылмен салыстырғанда өсу байқалады (2021 жылы – 40 СЖТ). Ұсыну нысаны - электрондық, ЭҮП арқылы.

2022 жылы *«Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу»* мемлекеттік қызметі бойынша 54 келісім берілді, 2021 жылмен салыстырғанда өсу байқалады (2021 жылы – 14 келісім). Ұсыну нысаны - электрондық, ЭҮП арқылы.

2022 жылы *«Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру»* мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша өтініштер түскен жоқ. Ұсыну нысаны - қағаз түрінде, Мемлекеттік корпорация арқылы.

2022 жылы *«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді көшірме беру»* мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша өтініштер түскен жоқ. Ұсыну нысаны - қағаз түрінде, Мемлекеттік корпорация арқылы.

2022 жылы *«Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) бойынша жұмыстар кешенін жүргізуге шешім беру»* мемлекеттік қызметі бойынша 72 шешім берілді. 2021 жылмен салыстырғанда өсу байқалады (2021 жылы – 0 шешім). Ұсыну нысаны - электрондық, ЭҮП арқылы.

Шағымдар, белгіленген мерзімдерді бұзушылықтар жоқ, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына шағымдардың белгіленген мерзімдерін бұзушылықтар жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету сұрақтары бойынша қолжетімділік және ақпараттандыру мақсатында мекемеде көрнекті ақпараты бар (стандарттар, регламенттер, өтініштер үлгісі, мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалардың Т.А.Ж.) стендтер орналасқан. Бөлімнің **os-mzh.sko.kz** ресми интернет-ресурсында стандарттар, регламенттер, ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі көрсететін мемлекеттік қызметердің тізімі орналасқан «Мемлекеттік қызмет» тарауы жұмыс істейді.

Жауапты мамандармен ұдайы түрде мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңнаманы, стандарттар мен қызмет көрсету мерзімдерін сақтау бойынша әңгімелесулер, семинар-кеңестер өткізіліп, әдістемелік көмек көрсетілді.

2022 жылдың 19 қыркүйегінде бөлімнің Facebook-тегі ресми парақшасында құрылыс саласында мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша онлайн-конференция өткізілді. Барлық келіп түскен сұрақтарға түсініктемелер берілді.

2022 жылдың 28 желтоқсанында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ ғимаратында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша азаматтарды жеке қабылдау өткізілді. Азаматтарды қабылдау барысында құрылыс саласында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі түсіндірілді, сондай-ақ «Құрылыс (қайта жоспарлау/қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу үшін бастапқы материалдарды ұсыну», «Эскизді (эскиздік жобаны) келісу» мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі бойынша жадынамалар таратылды. Сонымен бірге, ХҚКО қызметкерлерімен қосымша семинар өткізілді.

**Ауданның құрылыс,
сәулет және қала құрылысы
бөлімінің басшысы**



Р. Сәдуақасов